

"Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіндегі "Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы" арқылы "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтерін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 351 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 591/НҚ бірлескен бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 12 ай ішінде қолданыста болады.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының б) тармақшасына, 21-бабының 1) тармақшасына және 22-бабына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығының 76-тармағын орындау мақсатында БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – ҰБДҚ АЖ) "Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы" арқылы "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтерін көрсету жөніндегі пилоттық жобасы (бұдан әрі – Пилоттық жоба) іске қосылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті (бұдан әрі – ҚР ЦДИАӨМ МКК), жергілікті атқарушы органдарының білім басқармалары мен бөлімдері (бұдан әрі – ЖАО), мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілері, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы, "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы "Талдау" ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы" акционерлік қоғамы:

1) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабы 2-тармағының б) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының (бұдан әрі – Интеграциялау қағидалары) 8-тармағына сәйкес пилоттық жоба аяқталғаннан кейін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынау нәтижелері бойынша актінің болуын қамтамасыз етсін;

2) 2024 жылғы 1 сәуірден бастап Ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын (бұдан әрі – АҚМЖО) немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан АҚМЖО орталығының қызметін сатып алуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті, ҚР ЦДИАӨМ МКК, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы, "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы "Талдау" ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы" акционерлік қоғамы, ЖАО білім басқармалары мен бөлімдері, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілері "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 3-2-тармағы, Интеграциялау қағидаларының 4-тармағы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес ақпараттық жүйелердің интеграциясын, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жұмыстар шартының болуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Пилоттық жобаны іске асыру кезіндегі ҰБДҚ АЖ, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінің өзара іс-қимыл тәртібі бекітілсін.

5. Осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Пилоттық жобаны енгізудің жоспар-кестесі (бұдан әрі – Жоспар-кесте) бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және мектепке дейінгі білім беру департаменттері, ҚР ЦДИАӨМ МКК, ЖАО, "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы "Талдау" ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы" акционерлік қоғамы, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы Пилоттық жобаны Жоспар-кестеге сәйкес енгізуді қамтамасыз етсін.

7. ЖАО Білім басқармалары мен бөлімдері:

1) Тәртіпке сәйкес өтініш берушілерден сауалнама алуды;

2) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінен кезекте тұрғандардың деректерін және мектепке дейінгі ұйымдар контингентін интеграциялауды және миграциясын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті:

1) осы бірлескен бұйрыққа мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) пилоттық жоба кезеңі аяқталғаннан кейін осы бірлескен бұйрықтың 2 және 3-тармақтарында көзделген іс-шаралардың іске асырылуы туралы ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетін хабардар етуді қамтамасыз етсін.

9. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрлеріне жүктелсін.

10. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 12 (он екі) ай ішінде қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
_____ Б. Мусин

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрі _____ Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2023 жылғы 30 қарашадағы
№ 591/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2023 жылғы 30 қарашадағы
№ 351 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

"Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесіндегі "Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы" арқылы "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтері бойынша Ұлттық білім беру деректер қоры және мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінің өзара әрекеттесу тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінің "Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамаларды берудің, кезектілік пен есепке алудың бірыңғай базасы" арқылы "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтері бойынша Ұлттық білім деректер қоры және мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінің өзара әрекеттесу тәртібі (бұдан әрі – Өзара әрекеттесу тәртібі) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының (бұдан әрі– Заң) 5 бабының 10-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою" және "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметтерін көрсету кезінде ақпараттық жүйелердің өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді.

2. Бұл өзара әрекеттесу тәртібінде келесі ұғымдар қолданылады:

1) "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҰБДК);

2) Ұлттық білім беру деректер қорының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жолдамаларды берудің және есепке алудың бірыңғай есепке алу базасы (бұдан әрі–ҰБДК ЕАБ, Бірыңғай есепке алу базасы) –ҰБДК ақпараттық жүйе базасында көрсетілетін қызметті беруші тарапынан мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке қою бойынша өтінімдерді және жолдамаларды беру, қабылдау, сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды және өтініштерді қабылдауды өңдеу базасы;

3) мектепке дейінгі ұйым (бұдан әрі–МДҰ), мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, меншік нысанына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім беру қызметтерін көрсететін ұйым;

4) ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – сыртқы жүйе) көрсетілетін қызметті алушының кезекке қоюға, құжаттарды қабылдауға және МДҰ қабылдауға, өтініш беру бойынша бизнес-процестердің автоматты орындалуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе ("Egov Mobile" мобильдік қосымшалары (бұдан әрі – eGov Mobile), екінші деңгейлі банктер, жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері);

5) жергілікті атқарушы органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі–ЖАО АЖ), мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке қоюға өтінімдерді қабылдауға, жіберуге және сыртқы жүйенің функцияларын орындауға қабілетті, ҰБДК ЕАБ мақсаттары мен міндеттері үшін, интеграциялық өзара іс қимыл арқылы толықтырылып және өзектендіріп деректермен қамтамасыз етеді;

6) өтініштер жиынтығы (бұдан әрі–Мұрағат) - МДҰ жолдаманы сәтті алу себебі бойынша кезектен алу немесе осы тәртіпте өзара әрекеттесу тәртібі көзделген өзге де себептер бойынша кезектен алынған өтініштер;

7) мектепке дейінгі ұйымдар тізілімі (бұдан әрі –МДҰ тізілімі) мектепке дейінгі ұйымдардың электрондық тізбесі;

8) өтініштер кезегі - мектепке дейінгі ұйымға кезекке қоюға арналған өтініштер (бұдан әрі – кезек), көрсетілетін қызметті таңдаған әрбір алушы МДҰ-ға ҰБДҚ-да сәтті тіркелген және өзара әрекеттесу тәртібіне сәйкес бір біріне қатысты реттелген өтініштер;

9) кезектілік нөмірінің өзгеруі туралы реттелген мәліметтер (бұдан әрі –кезектілік тіркелімі) кезектілік нөмірінің өзгеру себептері туралы ақпаратпен кезекке қойылған сәттен бастап мұрағатқа есептен шығарылғанға дейін кезектегі әрбір өтініштің әрбір 24 сағат сайын кезектілік нөмірінің өзгеруі туралы реттелген мәліметтер;

10) ҰБДҚ ЕАБ көрсетілетін қызметті алушыға жіберетін электрондық мәтіндік хабарламалар (бұдан әрі – хабарлама) - МДҰ саласында мемлекеттік қызметтерді алудың белгілі бір кезеңдерінен өткені туралы хабарлама (1_8-қосымша);

11) хабарламалар тізілімі - бұл МДҰ-дағы орын алудың белгілі бір кезеңдерінен өткені туралы хабарлау мақсатында көрсетілетін қызметті алушыға ҰБДҚ ЕАБ жіберетін электрондық мәтіндік хабарламалар (жарамды және мұрағаттық электрондық құжаттар) ;

12) контингент тізілімі - бұл МДҰ-ға қабылдау туралы өтініштер (жарамды және мұрағаттық электрондық құжаттар), МДҰ-дан шығаруға өтініштер, мектепке қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірмелер, МДҰ-дан шығару туралы бұйрықтан үзінді көшірмелер;

13) ҰБДҚ ЕАБ берген электрондық құжат (бұдан әрі – жолдама) - білім беру қызметтері шартын жасасу және баланы МДҰ-ға қабылдауға негіз болып табылатын құжат;

14) жалпы білім беру кезегі–жалпы білім беретін МДҰ қабылдау үшін кезек түрі;

15) арнайы кезек –арнайы МДҰ-ға қабылдау үшін арналған кезек түрі;

16) санаторлық кезек –санаторлық МДҰ қабылдау үшін арналған кезек түрі;

17) кезектілік нөмірі - кезектегі басқа өтініштерге қатысты кезектегі өтініштің ережесі;

18) білім беру қызметтері шарты (бұдан әрі-шарт) - баланы МДҰ-ға қабылдау мақсатында жолдама негізінде баланың заңды өкілі мен МДҰ арасында жасалатын шарт;

19) бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, мектепке дейінгі шағын орталық (бұдан әрі-жалпы білім беретін МДҰ) - білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар;

20) арнайы бөбекжай-БАҚ, арнайы балабақша: (бұдан әрі –арнайы мектепке дейінгі ұйымдар) – білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар;

21) санаторлық бөбекжай: (бұдан әрі-санаторлық МДҰ) - білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар;

22) баланың ата-анасы немесе басқа ресми уәкілетті өкілі (бұдан әрі – баланың заңды өкілі) - құқықтары қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес куәландырылған баланың заңды өкілі;

23) азаматтардың мобильдік деректер базасы (бұдан әрі-АМДБ) - Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметінің" мобильдік деректер базасы;

24) жеке тұлға (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті алушы) – Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

25) көрсетілетін қызметті алушының кезектен тыс, бірінші кезектегі құқықты алу құқығы (бұдан әрі – жеңілдікті мәртебе) - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес МДҰ -да орын алу құқығы

26) автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – ММ АЖО) - көрсетілетін қызметті беруші тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған өтініштерді өңдеуге арналған ҰБДҚ ЕАБ модулі.

Осы өзара іс-қимыл тәртібінде қолданылатын барлық басқа терминдер тиісті мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын мағынада қолданылады.

2. Ақпарат алмасуға қатысушылар

3. Ақпараттық алмасуға қатысушы ақпараттық жүйелері болып: ҰБДҚ ЕАБ, электрондық үкімет порталы (бұдан әрі–ЭҮП), мобильді қосымша EgovMobile, электрондық үкіметтің сыртқы шлюзі (бұдан әрі –ЭҮСШ) немесе электрондық үкіметтің шлюзі (бұдан әрі –ЭҮШ), ЖАО АЖ, ЖТ МДҚ, АХАЖ АЖ, ЕХӘҚМ АЖ, ЕХӘҚМ АЖ, ЦДИАӨМ ЦҮҚО болып табылады (1_9-қосымша).

4. ҰБДҚ ЕАБ үшін ЭҮСШ немесе ЭҮШ арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштері бойынша ақпарат жеткізушісі ақпараттандыру объектілері ЭҮП болып табылады

5. ЭҮП пен ЖАО АЖ және ҰБДҚ ЕАБ арасында ақпаратты беру кезіндегі делдалы ЭҮСШ немесе ЭҮШ болып табылады.

6. ҰБДҚ ЕАБ халықтың мектепке дейінгі білім берудегі нақты және жоспарлы қажеттілігін және балаларды мектепке дейінгі білім берудегі тарихи және нақты қамту деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды және талдауды қамтамасыз етеді, және келесі міндеттерді орындау үшін қолданылады (9-қосымша):

1) мемлекеттік эталондық деректерді қалыптастыру;

2) эталондық деректердің анықтығын қамтамасыз ету;

3) мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету;

4) кезектілікті қалыптастырудың және МДҰ-ға қабылдаудың операциялық процестерін қамтамасыз ету;

5) МДҰ-дағы бос орындарды басқару (1_5-қосымша);

6) МДҰ-да бос орындарды бөлу;

- 7) МДҰ-ға қабылдау үшін жолдамаларды беру;
- 8) баланы МДҰ-ға қабылдау және шығару;
- 9) халық үшін мемлекеттік қызметтер көрсетудің ашықтығын қамтамасыз ету;
- 10) балаларды МДҰ-ға қабылдау рәсімдеріне байланысты қолданыстағы стандарттар мен талаптардың заңдылығын сақтауды бақылау;
- 11) балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту туралы және оның уақыт бойынша өзгеру динамикасы туралы жедел ақпарат алу;
- 12) көрсетілетін қызметті алушыларды ақпараттандыру;
- 13) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының бюджетін жоспарлау;

7. ЖАО АЖ төмендегі тапсырмаларды орындауға арналған:

- 1) кезекке қоюға өтініштерді қабылдау бойынша және көрсетілетін қызметті алушылардың жеңілдікті санаттағы өтініштерін қарау нәтижесін ҰБДҚ ЕАБ ға беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету;
- 2) баланы МДҰ-ға қабылдауға өтініштерді қабылдау бойынша және нәтижені ҰБДҚ ЕАБ-ға тапсыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету;
- 3) 2017 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі кезекте тұрғандар мен мектепке дейінгі ұйымдар контингенті деректерінің ҰБДҚ ЕАБ-ға көшіру;
- 4) кезектегі ағымдағы өтініш берушілердің байланыс деректерін таңдау бойынша және 1-ден 4-ке дейінгі мектепке дейінгі білім берудегі деректерді жинау бойынша сауалнама жүргізу (1_11-қосымша);
- 5) көрсетілетін қызметті алушыларды хабардар ету.

8. ҰБДҚ ЕАБ мақсаттары мен міндеттерін қамтамасыз ету үшін сыртқы жүйелермен, электрондық үкімет порталымен, Egov mobile мобильді қосымшасымен және аймақтық ЖАО АЖ жүйелермен өзара әрекеттесу арқылы ҰБДҚ ЕАБ-да келесі анықтамалық деректерді есепке алу ұйымдастырылған (1_3 -қосымша):

- 1) МДҰ тізілімі;
- 2) Кезекте тұрғандар тізілімі;
- 3) Кезектілік тіркелімі;
- 4) Жолдамалар тізілімі;
- 5) Контингент тізілімі.

3. Ақпарат алмасу тәртібі

9. Пилоттық жоба шеңберінде ЖАО АЖ 2017 жылдан бастап пилоттық жоба қолданысының соңына дейінгі кезеңде ЖАО АЖ түскен баланы, ЭҮСШ арқылы ҰБДҚ ЕАБ-ға, МДҰ-ға қабылдауға және МДҰ-ға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды кезекке қою бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған белсенді және мұрағаттық өтініштер туралы деректерді береді (1_3 -қосымша).

Балалардың заңды өкілдеріне ҰБДҚ-мен өзара әрекеттесу арқылы ақпараттандыру объектілері, сондай-ақ электрондық үкімет порталы, Egov mobile мобильді қосымшасы, МДҰ картасы (ЦДИАӨМ ЦҮҚО) арқылы келесі мүмкіндіктер беріледі:

- 1) кезекке қоюға электрондық өтініш беру (1_1- қосымша);
- 2) баланы кезектен шығару үшін электронды өтініш беру;
- 3) МДҰ-ды карта арқылы таңдау;
- 4) баланың кезектілік нөмірін көруге электрондық өтініш беру (1_4-қосымша);
- 5) мектепке дейінгі ұйымға қабылдау үшін жолдама алу (1_7 -қосымша);
- 6) "Құжаттарды қабылдау және баланы МДҰ-ға қабылдау" мемлекеттік қызметін алу үшін электрондық өтініш беру (1_6 -қосымша).

Электрондық өтініштерді беру құқығына ЖСН бар және АМДБ-да тіркелген ата-аналар және баланың заңды өкілдері ие болып табылады.

10. Ақпараттандыру объектілері, сондай-ақ электрондық үкімет порталы, Egov Mobile қосымшасы көрсетілетін қызметті алушыға кезекке қоюға өтініш беру мүмкіндігін береді.

11. Ақпараттандыру объектілері, сондай-ақ Электрондық үкімет порталы, Egov Mobile қосымшасы мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялық алмасу арқылы баланың заңды өкілінің деректерін, кезекке тұруға жарамды өтінішінің бар-жоғын, жеңілдік мәртебесінің жарамдылығын тексереді (бар болған жағдайда).

12. Ақпараттандыру объектілері ақпараттандыру, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың талаптарын және ақпараттық жүйелерді пайдаланушылар қалыптастырған мәліметтердің өзгермейтіндігін(1_10-қосымша), және форматтық-логикалық бақылауды уақтылы орнатуды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге, оның ішінде ЦДИАӨМ "Дербес деректерге қолжетімділікті бақылау" мемлекеттік сервисі арқылы жинауға және өңдеуге келісімін алғанын растауды қамтамасыз етеді.

13. Берілетін дербес деректердің толықтығын, шынайылығын, дұрыстығын, сондай-ақ қорғалуын ақпаратты ҰБДҚ ЕАБ-ға беретін сыртқы жүйенің тарапы қамтамасыз етеді.

14. Ақпараттандыру объектілері, сондай-ақ электрондық үкімет порталы, Egov Mobile міндетті жолдардың толтырылуын тексереді, өтініш түрін көрсете отырып көрсетілетін қызметті алушының ЖСН-і, көрсетілетін қызметті алушының тегі, көрсетілетін қызметті алушының аты, көрсетілетін қызметті алушының әкесінің аты (бар болған жағдайда), көрсетілетін қызметті алушының түрі (ата-ана, қамқоршы, патронаттық тәрбиеші), байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары, баланың ЖСН-і, баланың тегі, баланың аты, баланың әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні, жынысы, азаматтығы, ұлты (көрсетілген жағдайда), жеңілдік мәртебесінің түрі (бар болған жағдайда), денсаулықтың бұзылуы түрі (бар болған жағдайда), және дербес деректерді өңдеуге келісім беру картасы арқылы мектепке дейінгі білім беруді таңдаған

елді мекеннің кезегі, өтініш туралы деректерді жалпыға қолжетімді ақпараттық ресурстарда жариялауға келісім, өтініш нөмірлері, өтінішті беру күні мен уақытын көрсете отырып өтініш қалыптастырады және оны ҰБДҚ ЕАБ - ға жібереді (1_1 - қосымша).

15. ҰБДҚ ЕАБ қызметті алушы таңдаған МДҰ өтініштерді қабылдайды, алынған өтініштің толықтығын тексереді және автоматты түрде әрқайсысында кезек нөмірін тағайындайды. Жеңілдікті мәртебесін растайтын құжаттардың немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын баланың туу туралы куәлігінің сканер-көшірмелері болған жағдайда, ҰБДҚ ЕАБ өтінішті ММ АЖО немесе ЖАО АЖ жүйесіне өтініш жібереді (ЭҮСШ арқылы ҰБДҚ ЕАБ сервисіне қосылған жағдайда) және көрсетілетін қызметті беруші тарапынан өтінішті қарау нәтижесін күтеді (1_1 - қосымша).

16. Жалпы білім беру МДҰ кезекке тұру ҰБДҚ ЕАБ-да бір елді мекен ішінде тиесілі МДҰ және балалардың нақты туған жылына бойынша бөлек-бөлек қалыптасады.

Арнайы МДҰ кезек ҰБДҚ ЕАБ-да балалардың жас кезеңділігі бойынша нақты бір елді мекен ішінде МДҰ-ға қатыстырылады.

Санаторлық МДҰ кезек ҰБДҚ ЕАБ-да бір елді мекен ішінде нақты МДҰ тиесілігі бойынша қалыптасады.

17. Жалпы білім беру кезегіндегі өтініштер бір біріне қатысты келесі тәртіпте орналасады: алдымен кезектен тыс жеңілдігі бар тұлғалардың өтініштері, содан кейін бірінші кезектегі жеңілдігі бар өтініштер және сәйкесінше "бірден беске" қатынасында жалпы негізде берілген өтініштер (бірінші кезектегі жеңілдігі бар өтініштер жалпы негізде берілген әрбір үш өтініш сайын орналасады).

Кезектен тыс жеңілдігі бар өтініштер, өтініш берген күні мен уақыты бойынша бір-біріне қатысты, миллисекундтық дәлдікпен орналасады.

Бірінші кезектегі жеңілдігі бар өтініштер, өтініш берген күні мен уақыты бойынша бір-біріне қатысты, миллисекундтық дәлдікпен орналасады.

Жалпы негізде берілген өтініштер, өтініш берген күні мен уақыты бойынша бір-біріне қатысты, миллисекундтық дәлдікпен орналасады.

Басқалардан бұрын берілген өтініш, кезектің басына жақын орналасады және кезектілік нөмірі кішірек болады.

Кезектілік нөмірі жолдамалар берілуіне және кезекте тұрғандардың кетуіне қарай аз жаққа өзгереді. Кезектілік нөмірі өтініштердің кезекке түсуі немесе қайтарылуы, кезекте тұрған өтініштердің жеңілдікті мәртебесін алуына қарай үлкен жаққа өзгереді.

18. Арнайы кезектердегі өтініштер берген күні мен уақыты бойынша бір-бірінен миллисекундтық дәлдікпен салыстырмалы түрде орналасады. Басқалардан бұрын берілген өтініш, кезектің басына жақын орналасады және кезектілік нөмірі кішірек болады.

Арнайы кезек құру кезінде жеңілдіктер қолданылмайды.

19. Санаторлық кезектегі өтініштер бір-біріне қатысты өтініш беру күні мен уақыты бойынша миллисекундтық дәлдікпен орналастырылады. Басқалардан бұрын берілген өтініш кезектің басына жақынырақ және кезек нөмірі азырақ болады.

Санаторлық кезек құру кезінде жеңілдіктер қолданылмайды.

20. Жалпы білім беретін, арнайы, санаторий кезегін қалыптастыру кезінде бала бір уақытта тек Қазақстан Республикасының аумағындағы бір елді мекеннің бір жалпы білім беретін, арнайы, санаторий кезегінен тұрады.

Бала тиісті негіздер мен растайтын құжаттар болған кезде жалпы білім беру кезегінен және бір мезгілде арнайы және санаторийлік кезектерден тұрады.

21. Бала ағымдағы МДҰ-да оқу жылы аяқталғанға дейін 6 жасқа толғанға дейін кезекте тұрады.

Жалпы білім беру кезегін қалыптастыру кезінде кезектен тыс жеңілдікке құқығы бар бала тек бір жалпы білім беру МДҰ кезегінде тұрады.

Бала ПМПК қорытындысы болған кезде арнайы кезектен тұрады, оның нақты мәртебесі кезекке қою кезінде және ҰБДҚ ЕАБ-да бос орындарды бөлу кезінде тексеріледі.

Бала дәрігердің жолдамасы болған кезде санаторий кезегінде тұрады, оның нақты мәртебесі кезекке қою кезінде және МДҰ-ға қабылдау кезінде тексеріледі.

22. Бала тіркелген жерін немесе тұрғылықты жерін есепке алмай кезекте тұрады.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын бала ЖСН болған кезде кезекте тұрады.

Егер бала қайтыс болған адам ретінде уәкілетті мемлекеттік ақпараттық жүйеде тіркелмесе, бала кезекте тұрады.

23. Сәйкессіздіктері анықталған өтініштер жалпы негізде өтініш беру күні мен уақытына сәйкес кезекке қойылады.

4. Мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау үшін жолдамалар беру.

24. МДҰ бос орындар пайда болған кезде, ҰБДҚ ЕАБ баланың кезектілігіне сәйкес, кезекте бірінші тұрған балаға МДҰ жолдама алуға келісім алуға хабарлама қалыптастырады, көрсетілетін қызметті алушыдан оң жауап алған соң ҰБДҚ ЕАБ хабарламамен МДҰ-ға қабылдау үшін қалыптастырылған жолдама жібереді. Берілген жолдама қосымша ақпараттандыру объектілеріне, ММ АЖО және ЖАО АЖ жіберіледі (1_6-қосымша).

Балалардың заңды өкілдеріне берілген МДҰ жолдамасын алу және басқару үшін МДҰ-ға оқуға түсуге жолдама алу (қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту) мүмкіндігі беріледі (1_5-қосымша).

АМДБ-да тіркелген баланың заңды өкілдері электронды жолдама алуға және электронды өтініштер беруге құқылы.

25. ҰБДҚ ЕАБ күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 00:00-де ҰБДҚ ЕАБ деректері негізінде босаған орындардың хаттамасын қалыптастырады, оған мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінетін, мектепке дейінгі білім беру топтарында бос және жолдама алу үшін қолжетімді деп саналатын барлық орындар кіреді. Хаттама қабылдау үшін МДҰ -дағы осындай орындарды бұғаттайды және кезектің әрбір түрі үшін регламентке сәйкес оларды кезекке бөлуге береді. ММ АЖО немесе ЖАО АЖ жүйелер ҰБДҚ-ға тарату орындары туралы деректерді береді.

26. Бос орындар хаттамасымен бұғатталған жаңа орындар (1_5-қосымша):

1) жалпы білім беру кезегін қалыптастыру кезінде хаттама қалыптастырылғаннан кейін бірден жаңа орындардың жас кезеңділігіне сәйкес ҰБДҚ ЕАБ -да мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беру кезегіне жолдама алу үшін түседі.

Оқуға қабылдау жолдамасы баланың кезектілігіне сәйкес ҰБДҚ ЕАБ жүйесімен автоматты түрде жазылады және тіркеледі (1_6-қосымша).

2) хаттама қалыптастырылғаннан кейін бірден жаңа орындардың жас кезеңділігіне және дамудың бұзылу түріне сәйкес келетін ҰБДҚ ЕАБ жүйесінің арнайы кезегіне жолдама алу үшін келіп түседі.

Оқуға қабылдау жолдамасы баланың кезектілігіне сәйкес ҰБДҚ ЕАБ жүйесімен автоматты түрде жазылады және тіркеледі.

3) хаттама қалыптастырылғаннан кейін бірден оңалту немесе профилактика түріне сәйкес келетін ҰБДҚ ЕАБ жүйесінің санаторлық кезегіне жолдама алу үшін бірден келіп түседі

Оқуға қабылдау жолдамасы баланың кезектілігіне сәйкес ҰБДҚ ЕАБ жүйесімен автоматты түрде жазылады және тіркеледі.

27. Жолдама беру кезінде балалардың жасы ағымдағы күнтізбелік жылға 6 жастан аспайтын балалардан және психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның тиісті қорытындысы бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардан басқа күнтізбелік жылға есепке алынады.

28. Көрсетілетін қызметті алушы смс немесе ақпараттандыру объектілері арқылы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылдауға келісім беруі немесе жолдамадан бас тартуы тиіс.

МДҰ-ға қабылдауға жолдама көрсетілетін қызметті алушының оқуға қабылдауға келіскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде қолданылады, оның барысында заңды өкіл МДҰ-ға қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды (баланың денсаулық паспорты, профилактикалық егу картасы) жинайды.

Егер белгіленген мерзім ішінде заңды өкіл МДҰ-ға қабылдау үшін талап етілетін құжаттарды ұсынбаса, жолдама автоматты түрде жойылады, ал кезекке қоюға арналған өтініш стоп-параққа орналастырылады.

29. Егер жалпы білім беретін мектепке дейінгі білім беру ұйымына жолдама жеңілдікті пайдалана отырып алынған болса, мұндай бағыттың заңдылығы мәлімделген жеңілдіктің өзектілігін қосымша тексерумен расталады.

Мәліметтері уәкілетті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын жеңілдіктер-ҰБДҚ ЕАБ автоматты түрде тексеріледі және расталады.

Мәліметтері қоса берілген құжаттардың сканер-көшірмелерімен расталатын жеңілдіктер өзара іс-қимыл тәртібінің талаптарына сәйкес келетін құжаттардың түпнұсқаларын салыстыру үшін көзбе-көз ұсыну жолымен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органының уәкілетті ведомстволық бағынысты ұйымында немесе құрылымдық бөлімшесінде тексеріледі және расталады. Құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну және салыстыру үшін 5 жұмыс күні мерзім белгіленеді. Мерзім өткеннен кейін жолдама автоматты түрде жойылады, ал өтініш стоп-параққа орналастырылады.

5. Мектепке дейінгі ұйымдардан қабылдау және шығару

30. Баланы МДҰ-ға қабылдаудың негізі бұрын алынған жарамды мерзімімен және жеңілдікті шарттармен жолдаманы алуға негіз болған расталған жеңілдікпен қабылдау жолдамасы болып табылады.

ҰБДҚ ЕАБ -ға қабылдау туралы өтінішті сәтті тіркеу мұрағатқа қабылдау туралы жолдаманың есептен шығарылуына әкеледі.

Оқуға қабылдау туралы өтініштің қолданылу мерзімі 5 жұмыс күнін құрайды. Осы кезеңде баланың заңды өкілі мен мектепке дейінгі білім беру ұйымының уәкілетті өкілі білім беру қызметтері туралы шарт жасасады..

Заңды өкілдің МДҰ-ға қабылданудан бас тартуы кезекке автоматты түрде қайтарылмай, ҰБДҚ ЕАБ -да бас тартуды тіркеумен бірге жүреді. МДҰ-ға қабылдау мерзімінің өтіп кетуі МДҰ-ға қабылдау туралы бұрын берілген өтініштің автоматты түрде жойылуымен қатар жүреді. Егер қабылдау мерзімінің кешіктірілуі баланың заңды өкілінің әрекетсіздігі нәтижесінде туындаған жағдайда, кезекке қоюға арналған өтініш 10 (он) жұмыс күніне арналған стоп-параққа орналастырылады, бұдан әрі бұрынғы позицияға кезекке ауыстырылады.

Білім беру қызметтерін алуға өтініш беру мектепке дейінгі мекемеге қабылдау үшін жолдама алған баланың заңды өкілінің атынан жүзеге асырылады.

Білім беру қызметтері шартын жасасу облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органының шешімі бойынша ЖАО АЖ жүйесінің, ММ АЖО немесе ҰБДҚ ЕАБ-ға қосылған МДҰ-ның ақпараттық жүйесінің көмегімен қағаз немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

31. Баланы МДҰ-дан шығару МДҰ-ның заңды өкілінің немесе әкімшілігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Баланы оқудан шығару үшін заңды өкілдің шешімі бойынша оқудан шығаруға өтініш беріледі, оны МДҰ қызметкері тіркейді. Тараптар келіскен жағдайда-МДҰ және баланың заңды өкілі білім беру қызметтері шартын бұзады, МДҰ ЖАО АЖ жүйесінде немесе ҰБДҚ ЕАБ -ға қосылған МДҰ ақпараттық жүйесінде оқудан шығаруға арналған

электрондық бұйрық қалыптастырады, оның үзіндісі ҰБДҚ ЕАБ-да тіркеледі, бос орын ҰБДҚ ЕАБ жүйесі оқуға қабылдау үшін бос деп белгілейді.

Тараптар келіскен жағдайда-МДҰ және баланың заңды өкілі білім беру қызметтері шартын бұзады, МДҰ ЖАО АЖ жүйесінде немесе ҰБДҚ ЕАБ-ға қосылған МДҰ ақпараттық жүйесінде оқудан шығаруға арналған электрондық бұйрық қалыптастырады, оның үзіндісі ҰБДҚ ЕАБ-да тіркеледі, бос орын ҰБДҚ ЕАБ жүйесі оқуға қабылдау үшін бос деп белгілейді.

Баланы оқудан шығаруға өтініш беру құқығына білім беру қызметтері шартын жасасқан баланың заңды өкілі не баланың мүддесі үшін осындай іс-әрекетті жасауға нотариат куәландырған құқығы бар заңды өкіл ие болады.

Әкімшілік заңды өкілдің оқудан шығаруға өтініш бергенге дейін елемеген жағдайда , ЖАО АЖ жүйесі баланы күнтізбелік 10 күн өткеннен кейін автоматты түрде аударып тастайды және бұл фактіні КДБ МДҚ-ға тіркейді, бос орын ЖАО АЖ жүйесі оқуға қабылдау үшін бос орын ретінде белгілейді.

Егер аударуға арналған өтініштің қолданылу мерзімі аяқталмаса және әкімшілік ЕО ҰБДҚ-ға аударуға арналған бұйрықты тіркемеген болса, заңды өкіл аударудан бас тартуға өтініш бере алады.

МДҰ әкімшілігінің шешімі бойынша баланы оқудан шығару үшін ЖАО АЖ жүйесінде немесе мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық жүйесінде баланы оқудан шығаруға бұйрық қалыптастырылады, оның үзіндісі ҰБДҚ ЕАБ -да тіркеледі.

32. Баланы бір мезгілде бір МДҰ-нан артық емес оқуға қабылдауға жол беріледі.

Баланы оңалту немесе түзету рәсімдерін жүргізу үшін санаторийге немесе арнайы МДҰ-ға уақытша болуға қабылдау уақытша бос орын сияқты орынды тіркеу кезінде баланың жалпы білім беретін МДҰ-дағы орнын сақтай отырып жол беріледі.

6. Тоқтату парағын қалыптастыру

33. Кезекке қоюға өтініштер келесі оқиғалардың туындауы нәтижесінде автоматты түрде стоп-параққа көшіріледі (1_2-қосымша):

1) жеңілдіктерді растау мерзімінің немесе жолдаманың қолданылу мерзімінің аяқталуы нәтижесінде МДҰ-ға қабылдау жолдамасының автоматты түрде жойылуы;

2) өтініштің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты МДҰ-ға қабылдау туралы өтінішті автоматты түрде жою.

34. Өтініш 10 күнтізбелік күннің тоқтату-парағында болады, содан кейін автоматты түрде бұрынғы позицияға кезекке ауыстырылады немесе талаптарды бұзу салдарынан кезекке қайтару мүмкін болмаса, мұрағатқа есептен шығарылады.

Өтініштің қолданылу мерзімі автоматты түрде тоқтау парағында болған уақытқа ұзартылады.

Тоқтату -парақтан өтінішті мерзімінен бұрын шығару жүргізілмейді.

7. Ашық деректер

35. ҰБДҚ ЕАБ жүйесі келесі ақпаратты ұсыну бойынша сервистерді ұсынады:

1) МДҰ тізілімі, кезекте тұрғандар саны, бос орындар саны (бар болған жағдайда)

2) МДҰ картасы

3) кезектер (Дербес деректер субъектісінің өз деректерін жариялауға рұқсаты болған кезде)

4) тоқтату парағы

Ашық деректер тізбесі білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша толықтырылуы мүмкін.

36. МДҰ картасы мектепке дейінгі ұйымдардың орналасқан жері туралы мәліметтерді қамтиды.

МДҰ картасы елді мекендердің аудандары, мектепке дейінгі ұйымдар, олардың түрлері мен меншік нысандары бойынша МДҰ-дағы орындардың тапшылығы туралы мәліметтерді көрсетеді.

37. Кезектерде кезекте тұрғандар туралы мәліметтер және олардың бір-біріне қатысты тәртібі, әрбір кезекте тұрғандар туралы келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) кезектілік нөмірі;

3) баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

4) өтініштің нөмірі;

5) өтініштің берілген күні;

6) өтінішті беру уақыты;

7) кезектен тыс жеңілдіктің болуы;

8) бірінші кезектегі жеңілдіктің болуы;

9) мектепке дейінгі ұйымда орынмен қамтамасыз етілуі.

Ақпарат ҰБДҚ ЕАБ деректері негізінде әрбір 24 сағат сайын жаңартылып отырады.

38. Тоқтату парағында кезекте тұрған әрбір адамның жол берілген бұзушылықтарына байланысты регламенттен алынып тастаған өтініштері бойынша мәліметтерді көрсетеді және әрбір кезекші бойынша төмендегі ақпаратпен көрсетіледі:

1) өтініштің нөмірі;

2) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

3) баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

4) Тоқтату -параққа көшірілген күні;

5) тоқтау парағына өту уақыты;

6) тоқтау парағына ауыстыру үшін негіздеме;

7) стоп-парақтан шыққан күні.

Ақпарат ҰБДҚ ЕАБ деректері негізінде әрбір 24 сағат сайын жаңартылып отырады.

39. Берілген жолдамалар хаттамасында әрбір бағыт бойынша келесі мәліметтер бойынша МДҰ-ға қабылдау үшін берілген жолдамалардың тізімі көрсетіледі:

- 1) жолдаманың нөмірі;
- 2) жолдаманың берілген күні;
- 3) жолдаманы беру уақыты;
- 7) жолдаманың қолданылу мерзімінің аяқталу күні;
- 8) жолдаманың қолданылу мерзімінің аяқталу уақыты;
- 9) баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).;
- 10) пайдаланылған жеңілдіктің түрі (бар болған жағдайда);
- 11) мектепке дейінгі ұйымның атауы;
- 12) балалар тобының жас кезеңділігі;
- 13) тәрбие тілі;
- 14) бағыттың түрі;

Ақпарат ҰБДҚ ЕАБ деректері негізінде әрбір 24 сағат сайын жаңартылып отырады.

40. Бос орындардың тізілімі әрбір орын бойынша келесі ақпараттан басым және еркін қолжетімділіктегі орындардың нақты қолжетімділігі туралы ақпаратты көрсетеді:

- 1) мектепке дейінгі ұйымның атауы;
- 2) мектепке дейінгі ұйымның меншік нысаны;
- 3) мектепке дейінгі ұйымның мекенжайы;
- 4) балалар тобының жастық кезеңділігі;
- 5) тәрбие тілі;
- 6) басымдықты қолжетімділіктің болуы;
- 7) басымдықты қолжетімділік кезеңінің аяқталу күні мен уақыты;
- 8) үлестіруде болу ұзақтығы.

Ақпарат ҰБДҚ ЕАБ деректері негізінде әрбір 24 сағат сайын жаңартылып отырады.

41. ЖАО АЖ уақыт өте келе олардың өзгеруінің аналитикасын көрсету үшін негізгі көрсеткіштердің келесі түрлерін белгілейді:

1) ұйымдардың саны (барлығы, түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша, топтардың жас кезеңділігі бойынша, топтардың түрлері бойынша);

2) білім беру қызметтеріне ақы төлеудің ай сайынғы құны (ұйымдардың түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша, топтардың жас кезеңділігі бойынша, топтардың түрлері бойынша);

3) ата-аналардың тамақ үшін ай сайынғы төлемінің құны (ұйымдардың түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша, топтардың жас кезеңділігі бойынша, топтардың түрлері бойынша);

4) мектепке дейінгі біліммен және тәрбиемен қамту (барлығы, қала аудандары бойынша, ұйымдар бойынша, меншік нысандары бойынша, топтардың жас кезеңділігі бойынша, топтардың түрлері бойынша);

5) орын тапшылығы (барлығы, қала аудандары бойынша, ұйымдар бойынша, ұйымдардың түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша, топтардың жас кезеңділігі бойынша, топтардың түрлері бойынша);

6) орындардың профициті (барлығы, қала аудандары бойынша, ұйымдар бойынша, ұйымдардың түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша, топтардың жас кезеңділігі бойынша, топтардың түрлері бойынша);

7) кезектілік (барлығы, таза қажеттілік бойынша, ұйымның ауысуына байланысты, ұйымдардың түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша, жас ерекшеліктері бойынша, жеңілдіктер бойынша, бұзушылықтар түрлері бойынша, оңалту түрлері бойынша);

8. Хабарламаларды жіберу

ҰБДҚ ЕАБ автоматты түрде балалардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне, МДБ-да тіркелген ұялы телефон нөміріне, мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін SMS-хабарламалар арқылы ақпараттық хабарламаларды автоматты түрде қалыптастырады және жібереді.

Баланың заңды өкілі өзгерсе немесе басқа қажеттілік туындаса, АМДБ -да тіркелген телефон нөмірін алдын ала және уақтылы жаңартады.

ЖАО АЖ жүйелері хабарландыруларды жіберу үшін өңірлік ерекшелікке байланысты кез келген коммуникация арналарын пайдаланады. Жіберілетін хабарламалардың тізбесін, көлемін, ресімделуін және тілін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы айқындайды.

43. ҰБДҚ ЕАБ және ЖАО АЖ пайдаланылатын байланыс арналарының сипатына байланысты жіберілген хабарламалардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз етпейді және адресат қолжетімсіз болған жағдайда хабарламаларды жіберуді қайталамайды.

Аббревиатуралары:

EgovMobile - eGov mobile электрондық үкіметінің мобильдік қосымшасы;

ЭҮСШ- "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі;

ЭҮШ – "электрондық үкімет" шлюзі;

АЖ –ақпараттық жүйелер;

ЖАО-жергілікті атқарушы органдар;

ЖТ МДҚ- "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры;

АХАЖ АЖ- Ақпараттық жүйе азаматтық хал актілерін тіркеу (*туу, қайтыс болу, бас бостандығынан айыру немесе некені бұзу, бала асырап алу, әке болуды анықтау және аты-жөнін өзгерту (бар болған жағдайда)*);

МОДҚ – "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

ЕХӘҚМ- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЦҚҮО- Цифрлық Үкіметті Қолдау Орталығы

Кезекке қоюға электрондық өтініш беру кезіндегі интеграциялық өзара іс-қимыл тәртібі

1. Кезекке қоюға арналған электрондық өтінішті қалыптастыру және тіркеу мынадай негізгі сценарий бойынша жүзеге асырылады:

1)	Сыртқы жүйе:	Өтініш берушіні өз жүйесінде ЭЦҚ немесе QR коды немесе АМДБ-да тіркелген нөмірі арқылы авторизациялайды
2)	Сыртқы жүйе	ЖТ МДҚ дан өтініш беруші мен бала туралы мәліметтерді сұратады
3)	Сыртқы жүйе	өтініш беруші жеңілдіктердің түрін көрсеткен кезде деректер иелері болып табылатын тиісті мемлекеттік органдардың сервистерінен мәліметтерді сұратады (кезектен тыс жеңілдіктерді қоспағанда)
4)	Сыртқы жүйе	МДҰ картасы мектепке дейінгі ұйымдардың орналасқан жері туралы ақпаратты қамтиды, елді мекендердің аудандары, мектепке дейінгі ұйымдар, олардың түрлері мен меншік нысандары бойынша мектепке дейінгі ұйымдардағы орындардың тапшылығы туралы ақпаратты көрсетеді.
5)	Сыртқы жүйе	электрондық өтінішті қалыптастырады және кезекке қоюға өтініштерді қабылдау сервисі арқылы ҰБДҚ ЕАБ -ға жібереді;
